Алла Тағаланың Есімдері мен сипаттары

بسم الله الرحمن الرحيم

АЛЛА ТАҒАЛАНЫҢ ЕСІМДЕРІ МЕН СИПАТТАРЫ

«Алтын алқа» баспасы

Алла Тағаланың Есімдері мен сипаттары,
«Алтын алқа» баспасы.
Шымкент шәһары, 2006 жыл. 16-бет.

ISBN 9965-893-18-0

Бұл кітап Құран мен Сүннетте кездесетін Алла Тағаланың 99 көркем Есіміне және сипаттарына түсінік береді. Қалың оқырманға арналған. Аяқасты етпеулеріңізді сұраймыз.

© «Алтын алқа» баспасы

Аъузу биллахи минаш-шайтанир ражим
Бисмилләһир рахманир рахим.

Әсма-и Хусна (Алланың көркем Есімдері)

Есім сөзінің көпше түрі «Әсма» мен «ең көркем» деген мағынаға келетін көркем сөзінен құралған «Әсма-и Хусна» Құран мен Сүнетте айтылған Аллаға тән ең көркем Есімдер дегенді білдіреді.

Алланың Есімдерін көркем түрде атаудың басты себептерін былайша тізбектеуге болады:

1. Әсма-и Хусна – Алланың Ұлықтығын әрі Оған деген Құрметті білдіреді.

2. Зікір еткенде әрі дұға еткенде қолданатын болса, қабыл болуы мен сауапқа кенелуге себеп болады.

3. Жүрекке тыныштық пен рахат береді.

4. Әсма-и Хуснаны білген адамның абыройы өседі.

5. Әсма-и Хусна Алла Тағаланы танып-білуге септігін тигізеді. Алла Тағаланы сезім аркылы білу мүмкін болмағандықтан, Оны тек қана Есімдері мен сипаттары арқылы тани аламыз. Сондықтан, Әсма-и Хуснаны білу – Алланы таныту тұрғысынан пайдасы орасан зор.

Құранда Алланың Есімдері жайлы былай дейді: «Ең жақсы Атаулар Аллаға тән. Оған сол Аттармен жалбарыныңдар. Алланың Атында қиғаштық істейтіндерді қойып-қойыңдар. Олар істегендерінің сазайын тартады». ***(«Аграф», 7/180)*** .

Хазіреті Пайғамбардан риуаят етілген дұғалардың көпшілігінде Алланың Есімдері жайлы айтылғандығы назар аудартады. Бұл бізге әрбір құл көркем Есімдермен дұға еткенде, калауына жететіндігін түсіндіріп береді.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.): «Алланың тоқсан тоғыз Есімі бар. Кім Оларды жаттап алса, жәннатка кіреді». ***(Бұхари, Дават, 69; Термизи, Дават, 82)*** .

Бірақ, Ислам ғалымдары Алланың Есімдерін 99-бен шектемей, Құран мен хадистерде баска да Есімдері бар екенін білдірген.

Алла Тағаланың Есімдеріне көз салып карар болсак, оның ішінен тек екі-үшеуі ғана Алланың Қаһарлы екенін білдіреді. Ал Есімдерінің көпшілігі Оның Мейірімді екенін білдіреді.

Олай болса, Алла Тағаланы еске алып, тануға тырысып, Оның Мейіріміне бөленіп, жүрегімізді қуанышқа бөлеу үшін Құран мен Сүннетте айтылған Оның Есімдеріне мән беруіміз қажет.

Алла Тағаланың 99 көркем Есімі

*«Ең жақсы Атаулар Аллаға тән. Оған сол Аттармен жалбарыныңдар». **(«Аграф» сүресі, 180-аят.)**.*

*Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деді: «Алланың тоқсан тоғыз Есімі бар. Кімде-кім Оларды жаттап алса, жәннатқа кіреді». **(Бұхари, Термизи).***

1. ***Алла*** – Оның (Алла Тағаланың) бар екендігін және Оның иләһи сипаттарын білдіретін Есім. Раббымыздың ең ұлық Есімі. Алладан басқа ешбір нәрсеге қоюға болмайтын Есім.

2. ***Ар-Рахман*** – Аса қамқор. Оның қамқорлығы Өзі жараткан бүкіл мақұлықтарына тиесілі. Қамқоршы Алла Тағала мумин-мұсылмандардың, сондай-ақ кәпірлердің өмірлік қажеттерін өтейді. Ар-Рахман сөзі аса қамқор Иесі деп түсіндіріледі. Бірақ, Алланың ерекше Есімі болғандықтан тура мағынасын айту мүмкін емес. Мысалға алатын болсақ, «жанашыр» деп аударылады. Бірақ, жанашырлық – қамқор етушілік емес. Қамқоршылық жамандықты кетіріп, жақсылықты алып келеді. Алланың аса қамқорлығы адамдарға жақсылық жасауы және сансыз нығметтерді беруі.

3. ***Ар-Рахим*** – Ерекше мейірімді, рахымды мағынасына келетін Есімі. Мейірімді Алланың сипат Есімі болғандықтан, басқа нәрселерге де берілетін Есім. Бір жақсы іс үшін бірнеше еселеп сауап беріп және ешқашан жоймайды. О дүниеде такуа мұсылмандарға мейірімді болады.

4. ***Әл-Малик*** – Ұлы Алла – Патша. Яғни, мүлік Иесі және бүкіл бар болған нәрсенің жалғыз Иесі. Бүкіл нәрсеге әмір беру, қалағанын жасату Аллаға тән. Ол жаратқан мүлкіне және жердегі барлық нәрсеге Үкім береді. Оған кеңесші керек емес. Оған барлығы тәуелді.

5. ***Әл-Қуддус*** – Қасиетті. Алла адам баласының ойына келетін пішін-келбеттен тыс. Ол әртүрлі кемшіліктен және әлсіздіктен пәк.

6. ***Ас-Сәлам*** – Есендік беруші. Өзінің жараткан мақұлықтарына амандық береді. Дүниеде және ақыретте амандықты қалағандарды, құтылғысы келгендерді бір ғана Алла құтқарады.

7. ***Әл-Мумин*** – Қорғаушы, сенуші. Өзі туралы кітаптар мен Пайғамбарлар арқылы білдіртеді. Өзінің сүйікті құлдарын қауіп-катерден сақтайды.

8. ***Әл-Мухаймин*** – Үстем, қорғаушы. Баршаның үстіне билік жүргізеді және бәрі де Оның Иелігінде. Жаратқан мақұлығының үстінен қарап, бақылап тұрады.

9. ***Әл-Азиз*** – Аса зор, ұлық, қуатты, зор кеңшілік Иесі. Онымен ешкім теңесе алмайды. Ол барлық нәрседен жоғары және қуатты. Алла қалағанын жаратады және оған күші жетеді.

10. ***Әл-Жәббар*** – Аса өктем. Билік пен қуат Иесі. Нені қаласа, кімге де болса істете алады.

11. ***Әл-Мутакаббир*** – Паң, ұлылық және билік Иесі. Алла өте үлкен және ұлылық Иесі. Алла затында, сипатында және істерінде ең Ұлысы.

12. ***Әл-Халиқ*** – Жаратушы. Алланың Жаратушы екенін білдіретін сипат. Жаратушы – жоқтан бар ету және еш ұқсасы жоқ нәрсені жарату. Адамдардың жасағандары жарату емес. Ол әр нәрсені көркем түрде жаратады.

13. ***Әл-Бари*** – Жаратушы, жоқтан бар етуші. Жаратқан мақұлықтарына әртүрлі пішін және бейне береді. Алла әрдайым жаратуда.

14. ***Әл-Мусауыр*** – Көркемдеуші. Өзінің қалауымен әрбір жаратқан нәрсесіне өзгеше келбет және әртүрлі пішін береді. Миллиардтаған келбет жаратқан Алла Тағалаға ешкім теңесе алмайды.

15. ***Әл-Ғаффар*** – Аса жарылқаушы, кешірімшіл. Күнә және жаман істерді кешіруші. Бұл дүниеде құлдарының жамандықтарын жасырып, қияметте күнәларын кешіріп, жарылқайды.

16. ***Әл-Қаһһар*** – Өте үстем, қаһарлы. Өзіне қарсыларды катты азаппен корлайлы, өлтіреді не болмаса көпшіліктің алдында беделін түсіреді. Оның жазасынан ешкім қашып кете алмайды.

17. ***Әл-Уаһһаб*** – Өте жомарт, береген. Адамдарды өз ныгметтерімен ризықтандырады. Берем деген нәрсесін береді.

18. ***Ар-Раззақ*** – Ризық, тамақ беруші. Алуан түрлі ризықтарды жаратады және сол ризықтарымен мақұлықтарын ризықтандырады.

19. ***Әл-Фаттах*** – Жақсылық жасаушы. Алла аскан мейірімімен құлдарының басына келген қиыншылықтарын жеңілдетіп отырады. Әр уақытта жақсылық жасаушы. Шындықты әшкерелеп, өтірікті өрге асырмайды.

20. ***Әл-Алим*** – Бәрін білуші, терең білім Иесі. Ол әр нәрсені толық біледі. Алла Тағала – білушілердің білушісі. Алла Тағала ғайыпты да, көмескіні де біледі.

21. ***Әл-Қабид*** – Қысып алушы. Алланың шексіз құдіреті бәрінен жоғары, осы құдіретімен барлық нәрсеге әмір береді. Кімге каласа ризығын береді, каласа бермейді.

22. ***Әл-Басит*** – Жаюшы. Алла барлық жақсылықты берген және мейірімін құлдарына арнаған ұлы Жаратушы. Өз ризық-нығметтерін қалаған құлдарына береді.

23. ***Әл-Хафид*** – Түсіруші. Алла Тағала кәпірлерді тозақтың түбіне түсіреді және кәпірлерге қайғы, мұң-зар мен азап береді.

24. ***Әр-Рафи*** – Көтеруші, биіктетуші. Алла өзіне жақын құлдардың беделін бұл дүниеде де, ақыретте де көтереді.

25. ***Әл-Муиз*** – Қуат беруші, құрмет Иесі. Өзінің момын құлдарына мықты қуат береді. Олардың мойынсұнғандары үшін күнәларын кешіріп, жәннатта құрметті орын нәсіп етеді.

26. ***Әл-Музил*** – Кемсітуші. Кәпірлерді мойынсұнбағандықтары үшін кемсітеді, оларға «азап үйі» – тозақты дайындайды.

27. ***Ас-Сами*** – Әр нәрсені естуші. Әр естілетін дыбыс ғайыптан айтылса да, Оның естуінен тыс қалмайды. Ол құпияның бәрін біледі. Оның ести алмайтын нәрсесі жоқ. Ол барлық сыбыс пен дыбысты естиді.

28. ***Әл-Басир*** – Көруші. Ол бәрін көреген. Адам және басқа мақұлықтар көрмейтіннің бәрін көреді, Оған көрінбейтін зат жоқ. Ол ғайыпты да көреді.

29. ***Әл-Хакам*** – Хәкім, қазы, төреші. Бүкіл жаратылған мақұлықтарға үкім беретін бір Жаратушы. Соттың үкімі оның құзырында. Оның үкімі нақты. Оны ешкім сынай алмайды және Алланың үкімдерін кемсітіп, жамандауға ешкімнің хақысы жоқ.

30. ***Әл-Адл*** – Әділ, адал. Ол ешкімге түйірдей де әділетсіздік жасамайды. Ол өз шешімдеріне әділ.

31. ***Әл-Латиф*** – Жұмсақ, зор кеңшілік Иесі. Өз құлдарына ілтипатты. Өз құлдарының істерін толық біледі және адамдардың мінезіне жұмсақтық салады.

32. ***Әл-Хабир*** – Толық хабар алушы. Оның барлық істерден хабары бар. Барлық істер Оның қалауымен жасалады. Ол ешқашан хабарсыз қалмайды.

33. ***Әл-Халим*** – Ерекше мейірімді, өте жұмсақ. Азабын тездетпейді, бірақ малғұн шайтанға еріп, күнәлі іс жасағандарға азабы жақын.

34. ***Әл-Азим*** – Аса зор, кеңшілік Иесі, мәртебелі, ең ұлы. Оның мәртебесінің басы да, соңы да жоқ.

35. ***Әл-Ғафур*** – Кешіруші, күнәларды кешуші. Кешірім сұраушылардың күнәларын кешіріп, жаман істерден жақсы амалдарға ауыстырады.

36. ***Әш-Шүкур*** – Шүкірді қадірлеуші. Адамдарға шүкірлік еткені үшін мәрхамет етеді. Құлдарына көркем істері үшін ізгілік етеді.

37. ***Әл-Али*** – Өте биік, жоғары, мәртебелі. Адамдардың сезім, сана және басқа қабілетіне келетін бейнелерден тыс, одан жоғары. Барлық нәрсе Оның үкімі мен әмірін орындайды.

38. ***Әл-Кабир*** – Ұлық, ең ұлы, абырой және мәрхамет Иесі. Алланың бүкіл әлемдегі нәрселерді Өзінің үкім және құдіретімен басқарған сипатының Есімі.

39. ***Әл-Хафиз*** – Қорғаушы, сақтаушы. Сүйікті құлдарын жамандық пен кесірден сақтайды. Өз құлдарының сауап істерін қиямет күні жарылқау үшін жазып, сақтайды.

40. ***Әл-Мүқит*** – Рызық беруші. Рызықты жаратып, мақұлықтарына таратып береді. Даналықты және білімді жүректерге жеткізеді.

41. ***Әл-Хасиб*** – Есепке алушы. Барлық жаратылыстан есебін алушы. Адамдардың бұл дүниеде жасаған амалдарына қиямет күні есеп береді.

42. ***Әл-Жәлил*** – Өте биік, ұлылығы өте жоғары. Қадір-қасиеті, Есім мен сипаттарында аса ұлық.

43. ***Әл-Карим*** – Жомарт, құрмет Иесі, ізгілік істеуші – Оның рахымында шек жоқ, ізгілігі ешқашан таусылмас. Уәде берсе, толығымен орындайды.

44. ***Әр-Рақиб*** – Қараушы, бақылаушы. Ол әр нәрсені көріп, біліп тұрады. Ешнәрсе оның алдынан өтпей кетпейді.

45. ***Әл-Мужиб*** – Жауап беруші. Оған дұға етіп жалбарынған құлдарына жауап береді. Хақ Тағаланың жауап беруі сөзсіз.

46. ***Әл-Уаси*** – Кешірімі мол және рахметі кең болған. Ол Өз құлдарына жәрдем етуші.

47. ***Әл-Хаким*** – Даналық Иесі, кателік жасаудан пәк. Қате жасау Оның абырой-даңқына сай келмейді. Ол әр нәрсені өз орнына қояды.

48. ***Әл-Уадуд*** – Өте мейірімді, сүюші. Мақұлықтарын жақсы көреді. Сүйікті құлдарын рахметіне және ризалығына бөлейді. Сүюге және дос болуға лайық. Мақұлықтарына сүю және дос болу сезімдерін жаратқан.

49. ***Әл-Мәжид*** – Даңқты, құрмет Иесі. Өз ұлылығы мен құрметінің арқасында, өте жоғары және көркем істерінің арқасында мақтауға лайық.

50. ***Әл-Баъис*** – Тірілтуші, жіберуші. Өлілерді есеп алу үшін тірілтеді. Өз Елшілерін (Пайғамбарларын) адамдарға жібереді.

51. ***Әш-Шахид*** – Куә. Ол анығын да, белгісізін де біледі және соған куә. Алла Тағала өзінің иләһи сипаттарымен жалғыз екенін білдіртеді.

52. ***Әл-Хақ*** – Шыншыл, шындық Иесі. Әр уақытта Хақ Тағала әрбір нәрсені өз даналығымен жаратты. Қабірдегілерге есеп беруі үшін және жәннат немесе тозаққа жіберу үшін тірілтеді.

53. ***Әл-Уакил*** – Басқарушы. Өкіл Иесі Алла Тағала барлығын басқарады. Құлдары оған тәуекел етіп, жалбарынып, тәубе келтіреді.

54. ***Әл-Қауий*** – Қуатты, мықты, құдіретті. Шексіз құдірет Иесі. Барлық нәрсе оның құдіретінің жанында әлсіз. Оның шамасы әр нәрсеге жетеді.

55. ***Әл-Мәтин*** – Мықты, тұрақты, құдіретті. Оның күшіне ешкімнің қуаты жетпейді. Ол ешқашан әлсіз немесе шамасыз бола алмайды.

56. ***Әл-Уалии*** – Қорғаушы. Ол тақуаларды (әулиелерді) жақсы көреді және оларға қуат пен жәрдем береді. Кәпірлердің беделін бұл дүниеде де, ақыретте де түсіреді.

57. ***Әл-Хамид*** – Пәктеулі, дәріптеулі, мақтаулы. Мадақ Иесі. Алла Тағаланы кәпірлер мен екіжүзділерден басқасының бәрі мадақтайды.

58. ***Әл-Мухси*** – Санаушы. Ол бәрін санайды. Оған ешкім санауға бөгет жасай алмайды. Ол бір нәрсеге көңіл бөліп, басқаны назарынан тыс қалдырушы емес.

59. ***Әл-Мубди*** – Бастаушы. Ол кандай да бір жаратылысты жаратар алдында ешбір бейнені мысалсыз жаратты.

60. ***Әл-Мугид*** – Қайтарушы. Ол тірілерді өлілерге айналдырады және оларды қайтадан бастапкы калпына келтіреді.

61. ***Әл-Мухи*** – Жан беруші, тірілтуші. Ол денелерге жан беріп тірілтеді. Оның өлтірген нәрсесін ешкім тірілте алмайды.

62. ***Әл-Мумит*** – Өлтіруші. Денелерден жан алып өлтіреді. Алладан басқа өлтіруші жоқ.

63. ***Әл-Хай*** – *Тірі. Ол мәңгі өмір сүреді, мәңгі тірі және мәңгі* болады. Оның тірі болуының басы да, соңы да жоқ.

64. ***Әл-Қаюм*** – Бәрінің үстінде тұрушы. Өздігінен мыкты тұрушы. Әрбір заттың үстінен карайласып, оған камқоршы болып тұрады. Әр нәрсе тек Алла Тағаланың калауымен тұрады.

65. ***Әл-Уәжид*** – *Тапқыр, табушы. Алла нені тапқысы келсе,* сәтінде-ақ табады. Өйткені, бүкіл жаратылыс Оның құзырында. Ол ештеңені жоғалтушы емес.

66. ***Әл-Мәжид*** – Құрметті, сыйлы. Ол жақсы қасиеттерді иемденеді. Құрмет пен сый оған тән.

67. ***Әл-Уахид*** – Жалғыз. Жалғыз болу. Барлық құдайлық сипаттар оған тән. Одан басқа Құдай жоқ. Оның істеріне, үкімдеріне ешнәрсе ортақ бола алмайды. Болуы да мүмкін емес.

68. ***Ас-Самад*** – Мұнсыз. Ол ешнәрсеге мұктаж емес. Мұктаж болған адамдардың кажеттерін өтеп беруші. Ол – аса құдіретті, куатты.

69. ***Әл-Қадир*** – Мыкты, кадірлі. Құдірет Иесі. Оны макұлыктар кадірлейді. Оған ешкімнің көмегі керек емес. Ол әр нәрсеге шамасы жетеді.

70. ***Әл-Муктадир*** – Құдіретті. Күші барлық нәрсеге жетеді. Не істегісі келсе, соны істеуге куаты жетеді. Оның істей алмайтын ісі жоқ.

71. ***Әл-Мукаддим*** – Алға шығарушы. Өз Пайғамбарларын алға шығарады. Өзіне инабатты құлдарын тура жолға салады. Оларды жоғары дәрежелерге көтереді.

72. ***Әл-Муаххир*** – Артка тартушы. Өз жауларын артта калдырады. Ол Өзі мен кәпірлердің арасына бөгет перде салады.

73. ***Әл-Әууәл*** – Бірінші, алғашкы. Бәрінен алдын болған. Ол мәңгі тұрады. Оның алдында ешбір зат болған емес.

74. ***Әл-Ахир*** – Соңғы, ақырғы. Барша мақұлық киямет күні қайтыс болғанда, Алла Тағала тірі болады. Оның соңы жоқ.

75. ***Аз-Заһир*** – Анық, көзге көрініп тұрушы. Ол өзінің аяттары (ай, жұлдыз, күн сиякты неше түрлі жаратылыстар) арқылы бар екенін анық көрсетіп тұрады.

76. ***Әл-Батин*** – Көрінбей тұрушы, ішкі. Ол мақұлықтардың көзіне көрінбейді. Ол мақұлықтардың не ойлап, не қоятынын және олар не нәрсеге ұшырайтындарын біліп тұрады.

77. ***Әл-Уали*** – Басқарушы, уәли. Ол әр нәрсенің басқарушысы. Ол не бұйрық берсе, сол мезетте орындалады. Ол Өз қалауымен және даналығымен билік жүргізеді. Үкімдерін іске асырады.

78. ***Әл-Мутаъәл*** – Биікке көтерілуші (самғаушы). Мақұлықтардың сипаттары Оған тән емес. Пайғамбардың сипаттарын биік дәрежеге көтереді.

79. ***Әл-Барр*** – Ізгілік істеуші. Ол ешуақытта жаманшылық істемейді. Құлдарға ізгілік және қамқорлық етеді.

80. ***Әт-Тауваб*** – Тәубені қабылдаушы. Ол адамдардың шынайы жасаған тәубесін қабыл етеді. Тәубе етушілерге ғафу етіп, оларға рахым-мейірімін төгеді.

81. ***Әл-Мунтақим*** – Өш алушы. Күнәһарларға әділ жаза береді. Ол Өзіне мойынсұнбайтын құлдарын істеген амалына қарай азаптайды.

82. ***Әл-Ғафу*** – Аса кешірімді, ғафу етуші. Адамдар жалбарынып кешірім сұрағанда, күнәларын жойып, сауап істерін қалдырады.

83. ***Ар-Рауф*** – Қамқоршы. Алла Тағала Өз құлдарына жақсылық пен қамқорлық жасайды.

84. ***Маликуль Мульк*** – Мүліктердің патшасы. Барлық нәрсенің жалғыз Иесі – Иелігі өте зор. Байлық қазынаның барлығы, барлық мүлік Оның қолында.

85. ***Зул Жәлали уәл Икрам*** – Құдірет және құрмет Иесі. Бүкіл жаратылғандардың ішінде құрметке лайық жалғыз Алла. Өзінің ұлы сипаттары үшін құрметті және атақты болады.

86. ***Әл-Муксит*** – Әділ. Шешімдеріне өте әділ. Әрбір киянат жасаған мен зиянға ұшыраған о дүниеде сұрайды және істеген амалдарына қарай жәннатқа немесе тозаққа жібереді.

87. ***Әл-Жәмиг*** – Жинаушы. Құлдарын қалаған жерде, қалаған уақытында жинайды. Қиямет күні «Махшарда» бүкіл адамдарды жинайды.

88. ***Әл-Ғани*** – Бай. Оған ештеңе керек емес. Барша мақұлық Алла Тағаладан қажеттерін сұрайды және оған тәуелді.

89. ***Әл-Мугни*** – Байытушы. Байытушы Өзінің қай құлын байыткысы келсе, шексіз ризық беріп байытады. Осы арқылы сынайды. Байлықтың барлығы оған қайтарылады.

90. ***Әл-Мәниг*** – Тиым салушы, рұқсат бермеуші. Оның әмірінсіз ешнәрсе болмайды. Ол Өз құлдарына кейбір нәрсені харам етеді. Өзінің сүйікті құлдарын залымдардан қорғайды.

91. ***Ад-Дарр*** – Зиян келтіруші. Азап ретінде кейбір құлдарына күнәлары үшін зиян келтіреді. Ұлы Алла жаратылғандарға зиянын тигізетін нәрселер жараткан. Бірақ, құлдардың зиян көруін емес, зиян беретін нәрселерден сақтануын әмір еткен.

92. ***Ән-Нафиг*** – Пайда беруші. Жараткан мақұлықтарына пайда береді. Кейбір құлдарының пайдасын көбейтеді.

93. ***Ән-Нур*** – Нұр, нұр шашушы. Бұл дүниені өз нұрымен нұрландырып тұрады. Соқырға нұрды көру үшін көз нұрын, жанар береді. Адасқандарды тура жолға салады.

94. ***Әл-Һәди*** – Жүргізуші, ілестіруші, тура жолға салушы. Жүректі Хақты табуға бағыттайды. Кез-келген амалда пайда беретін нәрсеге жолықтырады.

95. ***Әл-Бәдиг*** – Жаратушы. Теңдесіз Алла барлық нәрселерді көркем түрде жаратады. Оның ұлық сипаттарына ешкім жете алмайды.

96. ***Әл-Бақи*** – Мәңгі. Алла әрдайым бар болады, бар болуының соңы жоқ – Ол соңсыз мәңгілік жасайды. Ол тірілмейді де өлмейді.

97. ***Әл-Уарис*** – Мұра Иесі. Барлық нәрсенің шын Иесі және мұрагері. Барлық мұра Алла Тағалаға тән.

98. ***Әр-Рашид*** – Салушы, туралаушы. Ол тура жолды көрсетуші. Ол Өз құлдарын пайда беретін жолға салады. Өз даналығымен билік жүргізеді.

99. ***Әс-Сабур*** – Сабырлы. Алла өте сабырлы. Ол сабырымен құлдарының күнәларын кешіріп, азабын тездетпейді.

Алла Тағаланың сипаттары

Алла Тағаланың сипаттары жалғыз Құдайға тән. Алла Тағаланың сипаттары мәңгі, олардың басы да, соңы да жоқ және олар жаратылыс емес. Алла Тағаланың сипаттары өзгермейді, ешкімге және ешнәрсеге тәуелді емес. Оларға ұқсас нәрсе жоқ және тек Хақ Тағалаға тән. Әрбір мұсылман Алла Тағаланың сипаттарын біліп, мән-мағынасын түсінуі керек. Өйткені, оларды жоққа шығарған адам кәпір болады. Бізді одан Алла Тағала сақтасын!

1. ***Әл-Ужууд (Тіршілік Иесі)*** – Алла Тағаланың бар және тірі екендігіне мақлұқаттар, ғарыш, жұлдыздар, күн мен ай, тірі жан-жануар мен жәндіктердің, сондай-ақ, басқа да тіршіліктің бар болуы дәлел бола алады. Біздің айналамыздағы табиғат тіршілігі Жаратушы Алла Тағаланың белгілі бір заңдары бойынша іске асады. Әлемдегі барша тірі жәндіктер бір-біріне байланысты. Олар сол байланыстан ажырай алмайды, өйткені, жаратылыстың баршасы бір жүйе қалыптастырады.

Дүниеде миллиондаған жан-жануар, өсімдік және басқа да микроорганизмдердің түрі бар. Олардың әрбірі белгілі бір үйлесіммен табиғат тіршілігінің жүйесіне (биосфераға) кіреді. Оның бір құрамдас бөлшегі болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, бар жаратылыс бір логикаға, бір ойға бағынып тұрады. Осының бәрі Алла Тағаланың ісі екеніне көз жеткізу қиын емес. Ол үшін соңғы ғасырдағы санамызда қалыптасқан жаттандылықтан арылу керек. Өйткені, олар Хақ нәрсені жала деп, ал өтірік, шындыққа жатпайтынды Хақ деп, адамды тура жолдан тайдырады.

2. ***Әл-Қидам (Бастамасы жоқ)*** – Алла Тағала мәңгі өмір сүреді. Ол әуелде болды және болады. Оның бар болуының басы жоқ. Жаратылыстың бәрі белгілі бір уақытта тіршілігін бастады, ал Жаратушының жаратылыстардан айырмашылығы осында. Ол мәңгі, Ол белгілі бір мезетте пайда болған жоқ.

3. ***Әл-Бәқи (Мәңгі)*** – Бар болуының соңы жоқ. Алла Тағаланың бар мақлұқаты жоқ болады, ал Алла Тағала мәңгі. Уақыт та Алла Тағаланың жаратылысы, ол уақытқа тәуелді емес.

4. ***Әл-Уахданийя (Жалғыздық)*** – Хақ Тағала жалғыз (Құдай), Оған ұқсайтын еш нәрсе жоқ. Ол өзегінде, Өз сипаттарында және

амалдарында бір және жалғыз. Оның өзегінде Өзінен басқа ешнәрсе жоқ, бөлшектерден тұрмайды және бөлшектенбейді. Оның сипаттары Өзінен басқасына тән емес. Оның жарату ісіне және басқа амалдарына ешкім араласа алмайды (көмек немесе кеңес бермейді). «Бір» деген сөз бірлік, бір санының мағынасында емес, өйткені санды бір-біріне қосып-азайтуға болады. «Бір» сөзі – Алла Тағаланың жалғыз Құдай екендігін білдіреді. Алла Тағала бөлінбейді, бүтін, жалғыз.

5. *Әл-Қияму бинафсиһи (Өздігінен жеткілікті)* – Алла Тағала өз-өзіне жеткілікті, яғни ешкімге және ешнәрсеге тәуелді емес, оған ешкім және ешнәрсе керек емес. Ол өздігінен бар болушы. Ол ауаға, суға, ризыққа, уақытқа, орынға мұқтаж емес. Ол шексіз тәуелсіз. Алла Тағаланың бар болуы белгілі бір факторларға байланысты емес. Мақлұқаттың бәрі Алла Тағалаға тәуелді, олардың бар болуы – Оның құзыры мен қалауы. Сондай-ақ, Алла Тағала оларды бір-біріне байланыстырып, біріне-бірін тәуелді етіп жаратты. Егер табиғат құбылыстарына көз салсақ, денелердің бір күйден екінші күйге ауысатынын көреміз. Ал, осының бәрі Алла Тағалаға тәуелді. Алла Тағала шексіз тәуелсіз.

6. *Әл-Мухалафат лиль хауадис (Еш нәрсеге ұқсамаушылық)* – Алла Тағала ешкімге және ешнәрсеге ұқсамайды және Оған ұқсас ешнәрсе жоқ. Алла Тағала ойлау қабілетінен пәк, ұқсаткан нәрсеге ұқсату – күпірлік. Адам Алла Тағаланы бейнелей алмайды, өйткені, оның санасы шектеулі.

7. *Әл-Хаят (Өмір)* – Алла Тағала тірі. Бірақ, Оның өмір-тіршілігі мақлұқаттың өміріне ұқсамайды. Алла Тағаланың өмірінің басы да, соңы да жоқ. Алла Тағала жасармайды да, қартаймайды. Мақлұқаттар сияқты дене мен нәпсімен өмір сүру Оған лайықты емес. Оның өмірі ерекше және мақлұқаттардың өміріне ұқсамайды.

8. *Әл-Илм (Бәрін білу)* – Алла Тағала бәрін білуші. Ол бәрін біледі және Ол білмейтін нәрсе жоқ. Алла Тағаланың білімінің басы да, соңы да жоқ. Ол өзгермейді, қосылмайды да, кемімейді. Өйткені, Алла Тағаланың білімі бәрін қамтиды.

9. *Әл-Ирада (Қалау)* – Істелініп жатқан барша амалдар Алла Тағаланың қалауымен болып жатыр. Оның қалауынсыз және кездейсоқ еш амал жасалынбайды. Алла Тағала жақсылық пен жамандықты

жаратты. Бірақ, бізге жақсы амал жасап, жамандық атаулыдан тиылыңдар деген. Ол жақсылықты мақұлдап, жамандықтан тияды.

10. ***Әл-Құдра (Құдірет)*** – Алла Тағала құдіретті, Оның бәріне қуаты жетеді. Ол бәрін істей де, істете де алады. Ол істей алмайтын нәрсе жоқ. Бір нәрсені істеу үшін Алла Тағалаға қандай да бір құрал немесе мүше керек емес. Мақлұқаттың құдірет-қуаты шектеулі, ал құдіретті Алла Тағаланың қуаты шексіз. Адам бәрін істей алмайды, кейбірін істесе де, бір ісі ауыр, бір ісі жеңіл болады. Адам баласына ми, аяқ-қол өмір сүру, тіршілік ету үшін берілген, сондай-ақ адам амалдарды құралсыз істей алмайды. Алла Тағала бұл кемшіліктерден пәк. Оған бір түйір тозаңды немесе жер шарын жарату бірдей. Ол не жаратам десе, кірпік қаққандай сәтте жарата қояды.

11. ***Ас-Самий (Бар нәрсені естуші)*** – Алла Тағала бәрін естуші және Ол естімейтін нәрсе жоқ. Бірақ, Оның есіту қабілеті мақлұқаттардағыдай емес. Алла Тағаланың есіту қабілеті өзгермейді, яғни әлсіремейді және күшеймейді, оның басы да, соңы да жоқ. Алла Тағаланың мақлұқаттары дыбыстардың бәрін ести алмайды, олар кейбір алыстағы және әлсіз баяу шыққан дауыстарды естімейді. Қатты шығатын дыбыстар ақырын шығатын дыбыстарды басады. Сондықтан, олар басылған дыбыстарды естімейді. Алла Тағала бұл кемшіліктерден пәк. Ол үшін «жақын» немесе «алыс», «ақырын» немесе «қатты» деген ұғым жоқ. Ол дауыстың бәрін бірдей естиді және Оның естуінен ешнәрсе де тыс қалмайды. Есту үшін Алла Тағалаға мүше керек емес.

12. ***Әл-Басар (Бәрін көру)*** – Алла Тағала бәрін көреді және Ол көрмейтін нәрсе жоқ. Оның көру қабілеті мәңгі және өзгеріске ұшырамайды. Көру үшін Алла Тағалаға мүше керек емес. Оның мақлұқаттары алыс немесе қараңғы жерде тұрған нәрсені көрмейді. Ал, көрінетін нәрсенің ішінде тек қарап тұрған затты көреді. Сондай-ақ, кейбір жануарлар мүлдем соқыр (мысалы, көртышқан, жарқанат), баз-біреулері басқалардан артық көреді. Алайда, Алла Тағала бұл кемшіліктерден пәк. Алла Тағала үшін «алыс» немесе «жақын», «жарық» немесе «қараңғы» деген ұғым жоқ.

13. ***Әл-Калам (Сөйлеу)*** – Алла Тағала сөйлеу қабілетінің Иесі. Қасиетті Құран Кәрім және одан бұрын келген кітаптар (Тәурат, Зәбур, Інжіл) және парактары (сухуфтары) – Алла Тағаланың сөзі. Оның сөзі

әріп және дыбыстан тұрмайды. Алла Тағаланың сөзі мәңгі, басы жоқ және жаратылыс емес. Кімде-кім Алла Тағаланың сөзі жаратылыс деп айтса, кәпір болады. Абай атамыз: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», – деген болатын. Сөйлеу үшін Алла Тағалаға мұше керек емес.

Алла Тағалаға ғибадат, халыққа шарапат. Қадірлі жамағат! Алла Тағаланың осы 99 көркем Есімін және сипаттарын жаттап, мағынасын түсініп, басқаларға жеткізу парыз. Аяқасты етпеңіздер, биік жерде ұстаңыздар!



Алла Тағаланың Есімдері мен сипаттары.

«Алтын алқа» баспасы

Баспа Басы – жазушы-журналист Әсет ӘССАНДИ

Редакторы Әсет ӘССАНДИ
Жауапты редакторы Бақытжан БАЙТАСОВ
Көркемдеуші редакторы Алам БЕРЕМ

Басуға берілген уақыты 26.09.06 ж. Баспа табағы 1,0. Офсеттік басылым. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс 209. Бағасы келісім бойынша.

«Алтын алқа» баспасында теріліп (дизайнері Әділет БӨГЕН), баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Қ.Рысқұлбеков көшесі, нөмірсіз үй.
e-mail: assandi@rambler.ru; тел: 8 333 564 61 74.